



6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales  
Company Number: 5180783

2012 жылғы 10 сәуір

## ҚАЗАҚМЫС ЖАҢА ЖАБДЫҚТАР САТЫП АЛУДА

Қазақмыс Тобы тау-кен өндірісін техникалық жағынан қайта жарақтау жөніндегі кең ауқымды бағдарламасын іске асыруын жалғастырып келеді. 2011 жылы компания жаңа заманауи жабдықтарды сатып алуға шамамен 140 млн АҚШ долларынан қаражат инвестициялады. Төбе бекіндіргіштерді, тәреулі көтергіштерді, зарядтағыш машиналар мен торкрет-қондырғыларды қоса санағанда, кен жыныстарын бекіндіріп, қауіпсіздендіруге арналған қосалқы жабдықтарды сатып алуға да айрықша мән беріліп отыр. Жалпы алғанда, Қазақмыстың өндірістік алаңдарына үлестірілетіндей, 160-тан астам бірлік қосалқы жабдықтар сатылып алынды.

2012 жылға арналған инвестициялық бағдарламада 262 млн АҚШ долларынан астам сомасына кәсіпорындарды өздігінен жүретін жабдықтармен одан әрі қайта жарақтау жоспарланған. Өсіресе, Жезқазған дивизионының қажеттіліктеріне 40 бірлік негізгі технологиялық жабдықтар мен 35 бірлік төбе бекіндіргіштер сатылып алынууда.

Бекітілген жоспарға сай әрі орталықтандырылып жүзеге асырылып отырған жабдықтарды сатып алу кезіндегі негізгі шамалар - қауіпсіздік, тиімділік, пайдалану мерзімі мен әлемдік стандарттарға сәйкес болуы ғасәйкес болуы. Мәселен, компания сатып алған жүк көтергіштігі 50 тонналық МТ-5020 автосамосвалдар жан-жақты бағдар шолу жақсартылған, машинистердің кабиналары тығыз шыныланған, дыбысты әлсірету және бейне бақылау жүйелерімен, сонымен қатар, салқындатқыштармен жабдықталған. Қазба жұмыстарына арналған бұрғылау қондырғылары пайдалану мерзімін ұзарта түсу үшін сыңарлы амортизацияланған жүйесі бар бұрғылаудың жоғары жылдамдығын сақтап отыруға мүмкіншілік беретін перфораторлармен жарақталған.

Жабдықтар әлемге танымал жасаушы компанияларынан сатылып алынып отыр. Жеткізушілерге қойылған талаптар – техникалық жағынан қолдау, қосалқы бөлшектермен қамсыздандырып тұру, қоймаларының болуы, сенімділігі, әрі пайдалануында қауіпсіздігі. Бұл ретте Қазақмыс, сервис көрсету келісімшарттардан алшақтауға ниетті, және өзінің меншікті сервистік компаниясын құру үстінде. Осылайша, жеткізушінің ролі тек қана техникалық қолдау көрсетумен ғана шектелетін болады.

«Жаңа техника сенімдірек әрі жақсырақ жинақталған, онда ең заманауи деген инженерлік жетістіктер қолданылған, алайда, жабдықтарды таңдаудағы басты шамалар – қауіпсіздік және онда жұмыс атқаратын адамдар үшін ыңғайлылығы болып табылады», - деп түсініктеді «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС бас механигі Олег Ли.

## Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

### Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882 Тел: +44 78 7964 2675
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +7 727 3304 556
Сандуғаш Сәрсембаева	Қарағанды аймағы бойынша корпоративтік байланыстар бөлімінің менеджері	Тел: +72 12 95 26 65

### Мерлин

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7726 8400
Мария Бабкина	Тел: +44 20 7726 8400

---

## РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 18 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2011 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,925 млн. АҚШ долларды құрағанда, Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,563 млн. АҚШ доллары болған. Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.